

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 29 сәуір 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылғы 1 маусымнан бастап экспорт мақсатында магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау қызметіне тарифтің өзгергені туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) 2026 жылғы 29 сәуірдегі №27 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында магистральдық құбырлар арқылы «ҚазТрансОйл» АҚ-тың мұнай айдау қызметіне 1000 км-ге 1 тонна үшін ҚҚС-сыз 12 500,00 теңге мөлшерінде тариф бекітілді. Тарифтің өсуі 10,6% немесе 1200 теңгені құрайды. Көрсетілген тариф 2026 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие және жалпы ұзындығы 5 мың км-ден асатын сырт ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**